

Б.О. Бутеев



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан
(E-mail: bateu.astana@yandex.kz)

Шәкәрім өлеңдеріндегі кейіпкерлердің түпбейнесі

Аңдатпа. 2023 жылғы 11 шілдеде қазақтың дарынды ақыны, жазушысы, композиторы, философ-ойшылы, ғалым-тарихшы Шаһкерім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толды. Шаһкерім Құдайбердіұлы ақталғаннан бері оның шығармашылығы мен қызметін зерделеу бағытында елеулі жұмыстар атқарылғаны сөзсіз. Отандық ғалымдар орасан зор мәтіндік жұмыстар жүргізілгенімен, тоқталып, ерекше назар аударуға тұрарлық жайттар бар.

Бұл мақалада автор алғаш рет Шаһкерім шығармаларына талдау жасады. Зерттеу нәтижесінде ақынның шығармашылығында орын алған үш тарихи кейіпкерді анықтауға мүмкіндік туды. Ақын олардың есімдерін сол кездегі қазақ емлесінде қолданған: XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ауқатты қазақтардың меценаттық қызметінің прототипі ретінде әрекет ететін англо-саксондық ержүрек джентельмен Альфред Гвинн Вандербильт I автордың шығармаларында Уолдер Белдет деген атпен белгілі. Хишам ибн Әбд әл-Мәлік атты омейядтық халиф Шаһкерімде «Ашам патса» деген атпен танымал, шығарма желісінде патшаға сөз додасында лайықты қарсылық көрсетіп, жеңіске жеткен бақташы сипатталады. Күллі Тан империясын дүр сілкіндірген көшпенді дипломат Ан Лушанды ақын Пан-Жи-Зан хан деп атаған. Шаһкерімнің шығармаларында әлі де анықтауды қажет ететін бірқатар тұлғалар бар. Ақынның өз зерттеулерінде қолданған басқа дереккөздерді зерттеу арқылы осы мақсатқа қол жеткізуге болады.

Түйін сөздер: Шаһкерім қажы, Альфред Гвинн Вандербильт I, Хишам ибн Әбд әл-Мәлік, Ан Лушан көтерілісі, Америка, Омейяд халифаты, Шөліккеу күні, Тан империясы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-160-169>

Түсті: 14.08.2024; Жөнделді: 27.08.2024; Мақұлданды: 17.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

Шаһкерімнің өлеңдерінде қозғалған тақырыптарға ұлттық және діни тақырыптар, нақыл сөздер, қазақ және әлем тарих, аңызға айналған батырлар, Қорқыт, Нәдулеше, Наушеруан, Қожа Хафиз, Физули, Үмбетей, Марабай Құлжабайұлы, Шортанбай, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Лев Толстой, Джордж Гордон Байрон және т.б. ақындар кіреді. Олардың ішінде тарихи тұлғалар ерекше орын алады. Кейбір тарихи кейіпкерлер туралы

бүгінгі күнге дейін бізде нақты дерек жоқ. Бұл мақалада қосымша дереккөздерге сүйене отырып біз тарихта болған, Шаһкерім шығармашылығындағы «жасырын» үш кейіпкердің түпбейнесіне үңіліп көрдік. Енді олардың әрқайсысына толығырақ тоқталайық.

Шайыр «Ш.Х», «Шаһкерім», Шаһкерім Құдайберді, Құдайбердіұлы, Шаһкерім Құдайбердин, Шәһкерім Құдайберді оғлы, Құдайбердиев Ш., Шежіре Шаһкерім, Шежіре Шаһкерім Хұдайбердин, Шежіре Шаһкерім Құдайбердин, «Мұтылған» сияқты түрлі әдеби бүркеншік аттармен қол қойғаны белгілі. Барлығы 11 түрлі атаулардың жазылуы [4, 76]. 1988 жылы ақын ақталған кезден бастап орысша «Шакарим» деп айтылуы ғылымға енді. Дегенмен, халық арасында «Шәкерім» деген атпен белгілі. Біз өз зерттеулерімізде ақынның көзі тірісінде қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша «Шаһкерім» атауын қолдануды жөн көрдік.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде Шаһкерім қажының өлеңдері алынды. Бұл өлеңдерде Альфред Гвинн Вандербилт I, Ан Лушан және Хишам ибн Әбд әл-Мәлік сияқты нақты кейіпкерлер ұсынылды, олар ақынның шығармаларында *Уолдер Белдет*, *Пан-Жи-Зан хан және Ашам патса* есімдерімен танымал. Қосымша дереккөздер негізінде біз осы кейіпкерлерді анықтай алдық. Зерттеуде талдау және синтез, компаративті, статистикалық әдістер сияқты ғылыми таным әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Алғашқы екі кейіпкер 17 өлеңнен тұратын «*Бәйшешек бақшасы*» атты өлеңдер топтамасында кездеседі [9, 457-458]. Өлеңдер топтамасына шынайы және анонимді кейіпкерлер кіреді. Шаһкерімнің шығармасында «Уолдер Белдет» деген атпен белгілі болған алғашқы кейіпкеріміз англо-саксондық ержүрек джентельмен Альфред Вандербилт екені анықталды.

1915 жылы 31 мамырда «Қазақ» газетінің № 131 жексенбілік санында «Вандер Билдет» атты шағын жазба шықты. Мақаланың авторы қазақ халқының даңқты ұлы, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы, «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен қалам тербеген Әлихан Бөкейхан болатын. Мақала айсбергке соқтығысқан «Титаниктің» қайғылы тағдыры туралы айтудан басталады. Кеме бортында болған екі мыңға жуық адам қайықтағы орынға таласады, десе де өз өмірін құрбан етуге дайын көптеген англо-саксондықтар құтқару кеудешелері мен қайықтағы орындарын әйелдер мен балаларға беріп жатты. Англиялық белгісіз жас радиошының қаһармандығы жайлы сөз қозғайды. Ол соңғы сәтке дейін «Титаник суға батып жатыр!» деген құтқару сигналын жіберген. Дәл осы қаһармандық әрекеттің арқасында көптеген адамдар тірі қалды деп айта аламыз. Әңгіменің екінші жаңа жолында «Қазақ» газетінің оқырмандарына сәуір айында (ескіше санау бойынша) «Лузитания» кемесіне неміс сүңгуір қайығы торпеда жіберіп, нәтижесінде кеме суға батып кеткені белгілі болғандығы атап өтілген. Газет оқырмандары үшін «Лузитанияның» су түбіне кеткендігі туралы хабар тек 11 күннен кейін белгілі болды. Осы оқиға бойынша мамыр және маусым айларында «шетелдік жаңалықтар» бағанында төрт хабарлама жарияланды. Автор әрі қарай «Лузитания» кемесінің бортында «Титаник» сияқты екі мыңға жуық жолаушы болғанын жазады. Өліммен жекпе-жекке шыққан англо-саксон қоғамының тағы бір өкілінің батылдығы атап өтіледі. Бұл жолы біз белгілі бір кейіпкер туралы айтып отырмыз. Сол заманда Америкада өз капиталын миллионмен өлшейтін шамамен 10-15 бай адам болған екен. Солардың бірі - Вандер Билдет есімді жас жігіт, ол соғыста жараланғандарға гуманитарлық көмек көрсету туралы шешім қабылдайды. Алайда, істеген ісіне қанағаттанбай, қолдау көрсету мақсатында «Лузитанияға» мініп, алыс сапарға аттануға бел буады. Лайнер тұңғыыққа батып бара жатқанда, Вандер Билдет әйелдер мен балаларға қолынан келгенше көмектесті, соңында ол құтқару кеудешесін бір әйелге беріп, өзі «Лузитаниямен» бірге суға батып кетті. Баяндамасының соңында мақала авторы Әлихан Бөкейхан еуропалық рухани мәдениет үшін әйел мен баланың

қорғаушысы болу өте маңызды қағида деп тұжырымдайды. Вандер Билдеттің көрсеткен батырлығы, англо-саксондықтар бұл туралы қаншалықты мақтанса да, мұқият назар аударуға лайық деп қорытындылайды.

«Қазақ» газеті құрылғаннан бері Шаһкерім тұрақты жазылушылардың бірі және тұрақты авторының бірі болғаны белгілі. Шаһкерім Әлиханды жақсы білді, екеуі рухани дос деп айтуға болады, бұған Әлихан Бөкейханның естелік-хаттары дәлел. Шамасы, газетте жарияланған хабарлама Шаһкерімнің Альфред Вандербильтке арнау өлеңін жазуына түрткі болған. Бұл өлең кімдерге арналды деген ақылға қонымды сұрақ туындайды. Біздің пайымдауымызша, жазылған шығарма қазақ мемлекеттілігін дамыту ісінде белсенді көмек көрсеткен қазақ бай-меценаттарын қолдауға арналған [3, 272-277].

Өлең жолдары он шумақтан тұрады. Олардың бірнешеуін ғана келтірейік.

*... Кеме суға кетерін пайымдаған,
Кемеші желқайықты дайындаған.
Уолдер Белдет қайыққа өзі мінбей,
Жас бала, кемпір-шалды уайымдаған.*

*Сондайларды құтқарып жел қайықпен,
Сол құтылса, өлейін мен-ақ деген.
Сыймай қалған бір әйел бебеу қағып,
Әрі-бері жүгірді «қайтем, – деп, – мен».*

*Кемешің суға батыр кезі жетті,
Әлгі әйелге жаны ашып рахым етті.
Суға батпас белбеуін соған беріп,
Уолдер Белдет ерлікпен суға кетті. ...*

Өлең қай жылы шықты? «Бәйшешек бақшасы» өлеңдер топтамасына енген «Ана жыл әскер шығып, оңнан-солдан...» өлеңінің жазылу кезеңі осы уақытқа дейін бізге беймәлім болды. Әлихан Бөкейханның нақты күні көрсетілген жазбасы бұл мәселенің түйінін шешуге мүмкіндік берді, осылайша біз бұл цикл 1915 жылы жазылған деп нақты айта аламыз.

Екінші кейіпкер. Сонымен Ашам патса кім болды?

«Аңда жүріп шөлдеген Ашам патса...» - Шаһкерімнің он сегіз шумақтан тұратын сюжетті лирикалық өсиет әңгімесі. Өлең «Ашам патса» деген адамға арналған, ол өзінің әскерімен тіршілік көзі суды іздеп, дала кезіп жүреді. Өлеңде Падишах пен қарапайым шопан арасындағы диалог суреттелген, онда соңғысы өзінің өткір ақыл-ойын көрсетеді, осылайша Падишах сөз сайысында жеңілгенін мойындады.

*... Мұны естіп Ашам патса ойға түсті,
Бұрын көрген емес қой мұндай күшті.
Қойшының қолын ұстап кешу алды,
Деді де: «Мен күшті емес, тағдыр күшті» ...*

Хишам ибн Әбд әл-Мәлік (араб. *عبد المولى بن عبد الله*; 691 – 6 ақпан 743) – 723 жылдан 743 жылға дейін билік жүргізген Омейяд халифасы. Анасы оның есімін әкесінің құрметіне қойған. Халифатты ағасы Язид II-ден мұра етіп алған Хишам Кавказдағы хазарлардан (Ардебил шайқасы) және Орталық Азиядағы түргештерден («Шөліркеу күні» және Тахтакарача асуындағы шайқас) жеңілістер, Джай Сингхтің басшылығымен Синд индустарының көтерілісі сияқты көптеген қиындықтарға тап болады. Үлкенді-кішілі қан майдандарда жетістікке қол жеткізеді.

Дәстүрлі мұсылман тарихнамасында. Хишам ешқандай діни құлшыныспен де, қоғамның қағидалары мен жалпы қабылданған нормаларын бұзуға деген ұмтылыспен де ерекшеленбеді, сол себепті дәстүрлі мұсылмандық тарихи трактаттарда Омар II немесе Иазид II-ге қарағанда оның айқын саяси ізі жоқ [11].

Шөліркеу күні (араб. عرش طموه, *Yawm al-atash*) – араб тарихнамасында 724 жылы Яксарт өзенінің жағасында, Трансоксианда Түргеш қағанаты мен Омейяд халифаты арасында болған шайқасқа қатысты дәстүрлі түрде қолданылатын атау. Мүслим ибн Саид Әл-Киләбидің басшылығымен Омейяд әскері түргештердің шабуылдауы туралы білген кезде Ферғана алқабында науқан жүргізеді. Түргеш атты әскерінен қашқан арабтар бірден Яксартқа қарай асығыс шегінуді бастайды. 11 күннен кейін Омейяд әскері Яксартқа жетті де онда түргештер мен жергілікті кінәз әскерлерінің қоршауында қалып қойды. Соған қарамастан, арабтар Худжанд маңындағы өзеннен өтіп, қашып үлгерді. Омейядтардың жеңілісі 740 жылға дейін арабтар мен түргештер арасындағы даулы аймақ болған жердің көп бөлігінде мұсылман билігінің күйреуіне әкелді. Араб тарихнамасында «Шөліркеу күні» ретінде қалған, жаулап алушылардың қысымына қарамастан, білдей бір Падишахқа батыл тойтарыс бере алған ата-бабаларымыздың асқақ рухы туралы оқиғаны Шаһкерім бізге осы өлеңімен жеткізіп кетті.

Арабтар арасында Мұхаммед пайғамбардың жас сахабаларының бірі және екінші әділ халифа Омар ибн әл-Хаттабтың баласы болған исламдық ғалым-дін маманы Сәліммен сұхбаты сақталған [12]. Бұл сюжеттегі «құдіретті билеуші» адам Шаһкерім өлеңіндегі Ашам патса болса керек, бұл кейіпкер өз дәуірінде ешкімге тәуелді болмай өмір сүріп жатқан қарапайым шопанмен диалогтың негізі болған деп жорамалдаймыз.

Шаһкерім бұл оқиғаны қандай дереккөздерден оқуы мүмкін? Біздің ойымызша, бұл сюжетті ол әт-Табаридің «Пайғамбарлар мен патшалар тарихы» деп аталатын кітабынан оқыған болуы керек. Ол өзінің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм ханлар шежіресі» атты кітабында өзі танысқан ислам тарихшысы Мұхаммед ибн Джәрир әт-Табаридің кітаптары туралы айтады.

Үшінші кейіпкер. Біз анықтай алған келесі тарихи кейіпкер «Пан-Жи-Зан хан» өлеңінен белгілі. Бұл да ақынның 1924 жылы қазақ тіліне аударған «Алты әңгімесінің» бірі. Мұны автордың өзі «Күншығыс жүз әңгімесінен» деп атаған. Шаһкерімнің бұл туындысы мысал жанрына жатады. Бұл мысал өлең ертеректе қытай жұртында патшалық еткен Пан-Жи-Зан қақанды (хан) таныстырудан басталады. Аударманың негізгі кейіпкері де осы Пан-Жи-Зан хан. Өлеңнің төртінші шумағында екі қасиеті әділетті, мейірімді, бір атағы «Мүнсін» яғни «ел атасы» сипатталады. Біздің ойымызша, 王子 (wángzǐ) сөзінің фонетикалық тегі қытай тілінен бастау алады және «кінәз» деп аударылады. Әдетте, бұл атақ Тан әулетіне сіңірген еңбегі үшін берілген.

Шәкәрім энциклопедиясында жоғарыда аталған өлеңге қатысты келесідей анықтама берілген: «Көтерген негізгі тақырыбы – әділетпен, ақылмен ел басқару жүйесі. Бірақ атағынан бұрын әділетті, мейірімді деген қасиеттері бірінші аталады. Қиянатқа жаны қас хан өзіне бағынышты, қызметші атқамінерлерін үнемі әділдікке, мейірімділікке шақырады екен. Облысты басқаратын бір жандаралы әділеттіліктен аттап, озбырлыққа барса дереу жазалап, орнына басқа біреуін тағайындайтын болған. Сол жіберген жандаралына жақсы хабарды ай сайын жазып тұр деп тапсырады екен. Енді осы сәттен бастап қателікке бой алдырып, өзіне ғана емес бүкіл қол астындағы халқы сол қателігінің зардабын тартқанына куә боламыз. Жіберген қателігі жандаралға елдің хал-жағдайы жақсы деп хат жаз деуінде еді. Осы арада қақанның ақылға жүгінбей таяз түсінігінің жетегіне еріп кетуінің зардабы жалғыз бір адамға емес, бүкіл халқына тиеді. Ханынан осындай жарлық алған жандаралдар өз бастарын, атақ, абыройын сақтау үшін жалған хат жазады. Бұл жалған ақпар уақыт өте келе бүкіл халықтың трагедиясына айналады» [10, 610-611].

Пан-Жи-Зан хан деген кім екен?

Өлеңнің екінші бөлімінде бірінші шумақта уақыт бойынша *мың жүз алтыс жыл бұрын* болған оқиғалар келтіріледі. Бізге бұл ақынның 1924 жылы қазақ тіліне аударылған «Алты әңгімесінің» біреуі екені мәлім. Егер қарапайым математикалық есептеу жүргізсек, яғни, 1924 жылдан 1160 жылды алып тастасақ, онда 764 жыл болады. Бұл Қытай тарихындағы маңызды оқиғалармен есте қалған жыл емес. Бәлкі, астарлы өсиет өлең 1915 жылы жазылған болар, бұл 755 жылға сәйкес келеді.

Қытай тарихында бұл жыл елді азаматтық соғыстың тұңғығына батырған және Тан әулетінің «аяқталуының басы» болған көтеріліспен тарихта қалды. Әскери саланы соғды-түркі текті жоғары дәрежелі генерал Ан Лушан басқарды, ал ол қайтыс болғаннан кейін көтерілісшілерді оның ұлы және соғдылық серіктері басқарды. Көтеріліс 762 жылдың соңына дейін жалғасты және өз әскерлерін үкіметтік күштерге бірнеше рет көмекке жіберіп отырған Ұйғыр қағанатының (744-840 ж.ж.) әскери көмегінің арқасында ғана басылды [7, 288]. Біздің ойымызша, *Пан-Жи-Зан* хан есімі салыстырмалы-тарихи талдау негізінде *Ан Лушан* есімімен теңдестіріледі. *Пан-Жи-Зан* есімі фонетикалық жағынан Таң Шуан Зоңмен өте ұқсас болғанына қарамастан, біз ол екеуін бір адам ретінде сәйкестендіре алмаймыз, өйткені ақын Ду Фу соңғысының билеу саясатын сынға алып, оның әділетсіздігін әшкерелейді [1, 166]. Бұл өлеңде Таң Шуан Зоң кейіпкері *Син-Сан-Син* деген атпен суреттелген. Сән-салтанатқа бой ұрып масайраған кәрі император биліктен шеттетілуі және оның жеке мүдделеріне бағынышты болған және тек оның диктаторлық бақылауының астында тиімді болған бас министр Ли Линьфудың саясаты болды.

Бұл кейіпкердің Ан Лушан екендігіне қосымша бір дәлел – Шаһкерім шығармасының соңында оны өзінің ата-бабам деп атайды.

«Ақтардым тауарықтың оқып бәрін,

Бабамның ісі болды маған мәлім...

Бұған қоса, түрік ғалымы Әлімжан Инайеттің қытай деректеріне сүйене отырып, Ан Лушанның тегі түрік деген тұжырымға келетінін айта кеткен жөн [5, 28].

Шығыстанушы-ғалым Аблет Камалов өзінің арсеналында қомақты деректану базасын қолдана отырып, былай деп атап көрсетеді: «Кеңестік қытайтануда және ҚХР тарихнамасында бұл көтеріліс таптық күрестің марксистік теориясы тұрғысынан «шаруа» көтерілісі ретінде қарастырылды» [6, 217]. Жоғарыда айтылғандарды растай отырып, Никита Бичуриннің *«Орта Азияны мекендеген халықтардың көне заманғы тарихы»* кітабынан мәлімет келтірейік, онда генерал Ан Лушанның бейнесі жағымсыз сипатта көрсетілген: «Ан Лушан ежелгі замандарда Қытайға берілген ғұндардан шыққан; солтүстік-шығыс шекарадағы әскерлерде қызмет еткен. 736 жылы ол өзінің дивизиясымен кидандықтарға қарсы барған және шайқастан айырылғаны үшін өлім жазасына кесілген болатын: бірақ тап өлтірердің алдында жаужүрек қимылымен өзіне императордың назарын аударып, кешірілген болатын. Ан Лушан шебер екіжүзді адам, шебер жағымпаз болған. Сарайға жақын жүрген адамдар одан пара алып, оны императордың алдында дәріптеп баққан: сондықтан оның асқақтап көтерілуі жылдам жүріп отырған» [2, 316]. Шын мәнінде, дереккөзге сәйкес, ғұндардан шыққан Ан Лушанның өз бойында дала қайсарлығын қытайлық қулықпен шебер үйлестіргенін, жағымпаздана да, күресе де, екіжүзді бола да, бұйрық бере де, хандармен және ру ақсақалдарымен келіссөздер жүргізе де білгенін айта кету қажет. Әрі оның қызмет баспалдағымен біртіндеп көтерілуі көптеген қытайлық дереккөздерде лауазымды тұлғаларға пара беруімен түсіндіріледі. Империяда сыбайлас жемқорлықтың белең алып, етек жайғаны жоққа шығарылмайды. Алайда, бәлкім, бұлайша түсіндіру көтерілісші жат жерлік генералдың жағымсыз бейнесін жасауға бағытталған болуы мүмкін.

Ан Лушан көтерілісінің тарихына арналған өзінің екі мақаласында профессор Аблет Камалов сол кезеңдегі оқиғаларды егжей-тегжейлі талдайды. Генерал Ан Лушанның кейіннен аңызға айналған ғұмырнамасымен толықтырылған тылсым туылу тарихы, ебедейсіз, өте толық, қызық мінезді және әпербақан бейнесі келтіріледі (*жалпы алғанда, тарихта Оғыз хан, Шыңғыс хан, Аліамыс батыр және т.б. сияқты кейіпкерлердің тылсым туылуының, өсіп жетілуінің басқа да мысалдары белгілі екенін атап өткен жөн*).

Ан Лушанның әскери губернатор лауазымына тағайындалуы бас министр және Тан императорының туысы Ли Линьфудың солтүстік аудандардағы позицияны нығайтуға бағытталған саясатының арқасында мүмкін болды. Профессор Аблет Камалов, Эдвин Джордж Пуллиблэнктің жұмысына сілтеме жасай отырып, оның құдіреттілік кезеңін «Ли Линьфу диктатурасы» деп атайды [6, 223]. Ол, сондай-ақ, қытай тіліндегі мәдени кеңістіктегі

сенің көзіңе қарап, екі езуі құлағына жетіп күлімсіреп тұрып, артыңнан сені жалған айыптап жататын, басқан қадамыңды аңдып, саған ор қазатын екіжүзді құбылмалы адамдардың типін білдіреді [13]. Ақырында, Ли Линьфу қайтыс болғаннан кейін, марқұмды қарапайым адам ретінде қайта жерлеу және оның барлық туыстарын астанадан жер аудару туралы империялық жарлық қабылданды. Құдыретті министр Ли Линьфудың жиырма жылға жуық билігі осылайша даңқсыз аяқталған болатын [6, 232].

Қытай әдебиетінде көрініс тапқан көтеріліс

Қытай әдебиеті тарихында Ли мен Ду осы уақыт аралығында өмір сүрген аса ұлы ақындар болған. Ли – «Шисянь» - «поэтикалық құдырет» атағына ие болған әйгілі ақын – Ли Бонь тегі; ал Ду – дәстүрлі қытай әдебиеттануында «Шишэн» («Қасиетті дана ақын») атағына ие болған, абыройы мен атақ-даңқы одан еш кем түспейтін ақын Ду Фудың тегі [14].

Көтеріліс басталған кезде олардың жасы үлкені Ли Бо 55-те еді. Оның өмірінің басым бөлігі Тан империясының күш-құдыреттілігі, оның өркениетінің жарқырауы мызғымастай болып көрінген кезде өткен еді, екінші ақын Ду Фу болса небәрі 44 жаста болатын. Ол өмірлік тәжірибесі толысқан, шығармашылығы кемелденген дер шағында еді, ал бұл оның бүкіл көтерілісті де, одан кейін болған барлық жағдайларды да бақылап отырғанын білдіретін сөз. Оның жөнде 15 жыл өмір сүргенін есепке алсақ. Оның үстіне, бұл оқиғалар оған Ли Боға қарағанда, анағұрлым көбірек әсер еткен болатын. Сондықтан Ду Фу поэзиясында, әсіресе оның осы соңғы кезеңдегі өлеңдерінде елдің ауыр жағдайы мен ақынның өмірлік күйзелістері көрініс тапқан. Осы тарихи кезең Ду Фудың шығармаларында қайғылы музасы туралы айтуға жол ашты. 755 жылдың ортасында, Ан Лушанды сұңқармен теңдестіре отырып, Ду Фу өз өлеңін аталмыш көтеріліске арнайды. Өлеңнің мәтінін орыс тілінде келтірсек.

Картина, изображающая сокола

С белого шелка
Вздывается ветер и холод -
Так этот сокол
Искусной рукой нарисован.
Смотрит насупившись,
Словно дикарь невеселый,
Плечи приподнял -
За птицей рвануться готов он.
Кажется, крикнешь,
Чтоб он полетел за добычей,
И отзовется
Тотчас же душа боевая.
Скоро ль он бросится
В битву на полчище птичьё,
Кровью и перьями
Ровную степь покрывая? [15].

Өз мақаласында отандық зертеушілер Ахметбек Гүлжан мен Есболат Таңнұр Ан Лушан көтерілісінің Ду Фудың шығармашылық қызметіне жасаған ықпалын қарастырады. Авторлар аталған зерттеуде: «Ань Лушан көтерілісімен бірге Ду Фудың еңбекші халыққа деген терең махаббаты мен сүйіспеншілігі артады. Оның осы кездегі поэзиясы қарапайым адамдарға деген құрметімен ерекшеленеді. Мысалы, өз азығын ауыр еңбекпен табатын Куйчжоу шаруалары туралы ақын жан жылуымен жеткізіп («Шыбық жинап жүрген әйелдер туралы»), немесе долы өзендегі қайықшылардың ержүректілігі мен күш-жігеріне («Керемет шеберлер») таңырқайды», - деп жазады.

Ду Фудың 759 жылы жазылған «Үш шенеунік» және «Үш қоштасу» атты өлең жинақтарынан Отанға шын берілген, жан дүниесінің тазалығын, өмірге деген сүйіспеншілігін сақтап қалған адамдардың образы көзге елестейді. Ақын Отан тақырыбын,

Отанға деген сағынышты өз өлеңдерінде шебер жеткізе білген. Қорытындылай келе, ақынның «Хынан мен Хыбиді алып, есіл ерлер» (闻官军收河南河北) өлеңін мысал ретінде алуымызға болады.

闻官军收河南河北
剑外忽传收蓟北,
初闻涕泪满衣裳。
却看妻子愁何在,
漫卷诗书喜欲狂。

白日放歌, 须纵酒,
青春作伴好还乡。
即从巴峡穿巫峡,
便下襄阳向洛阳。

*Хынан мен Хыбиді алып, есіл ерлер
Жүргенде шетте зарығып,
Ән шырқап тапа-тал түсте,
Туған ел болып арманы.
Дауысым көкте самғады.
Естілді біздің ерлердің,
Кеседе мөлдір шараптан,
Қайтарып Хыбиді парлады.
Түбінде тамшы қалмады.
Қуаныштан көл болып,
Осынау сәтті көктемде,
Көзімнің жасы парлады.
Қамдандым елге барғалы.
Жан жарым ол да жадырап,
Шаң Яңға жетсем тау асып,
Ашылып гүлдей жайнады.
Өзендер кешіп арналы,
Асыға іздеп дәптерді,
Жап-жақын жер гой, шіркін-ай!
Қолға алдым өлең жазғалы.
Астанам – Ло Яң ар жағы [1, 166].*

Қорытынды

Осылайша, біз бұл жұмысты қорытындылай келе, Шаһкерім өз шығармаларында адамзат тарихында маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалардың есімдерін қолданған деп тұжырамыз. Біріншісі, Альфред Вандербильт, ол көзсіз ерлік жасаған қаһарман, екіншісі, көшпенді қоғамның көпті көрген көсемі, ол әлем Ашам патса әміршісімен тең диалог жүргізген ақылман, үшіншісі Ан Лушан, ол бүкіл Тан империясын дүр сілкіндірген нағыз дипломат тұлға. Шаһкерімнің шығармаларында одан әрі нақтылауды қажет ететін өзге де тұлғалар бар. Оларды анықтау ақын өз еңбектерінде қолданған басқа дереккөздерді зерттеу арқылы мүмкін болмақ.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2024-2026 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP22688129).

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметбек Г., Есболат Т. Ань Лушан көтерілісінің ұлы ақын Ду Фу шығармашылығына тигізген ықпалы. // ҚазҰУ Шығыстану сериясы. – 2016. – №1 (76). – 164-167 б.
2. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. – Алматы: Жалын, 1998. – 390 с.
3. Бутеев Б. Альфред Вандербильт в творчестве Алихана Букейхана и Шакарима Кудайбердыұлы // «Әлихан Бөкейхан – қазақ елі мен жерінің тұтастық рәмізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021. – С. 272-277.
4. Бутеев Б.О. Стихотворение Шакарима Кудайбердыұлы «“Қазақ” құтты болсын!»: историческая роль и значение // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (110). – С.71-78.
5. İnayet A. “An Lu-Shan Köroğlu Mu?” // Millî Folklor. – 2023. – 140(Kiş). – S. 27-36.
6. Камалов А.К. Восстание Ань Лушаня или как четыре согдийца потрясли Поднебесную империю // Иран-наме. – 2019. – №3-4 (51-52). – С. 217-242.
7. Камалов А.К. Согдийцы на защите интересов Танской династии в период восстания Ань Лушаня и его приемников // Иран-наме. 2020. – №3-4 (55-56). – С. 288-300.
8. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 250 б.
9. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Роман, қара сөздер, мақалалар, аудармалар. Т.2. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 512 б.
10. Шәкәрім. Энциклопедия. / Бас ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей, 2008. – 864 б.
11. Хишам ибн Абдул-Малик. Свободная энциклопедия Википедия. [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D0%B8%D1%88%D0%B0%D0%BC_%D0%B8%D0%B1%D0%BD_%D0%90%D0%B1%D0%B4%D1%83%D0%BB-%D0%9C%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%BA (дата обращения: 25.02.2024)
12. Салим ибн Абдуллах. [Электронды ресурс]. – URL: <https://islamdag.ru/lichnosti/26926> (қаралған күні: 05.02.2024).
13. Воропаев Н.Н. Прецедентный персонаж Китая №25 Ли Линьфу [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.vokitai.ru/?p=1137> (қаралған күні: 05.02.2024).
14. «Священномудрый пиит» Ду фу и его стихи. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.abirus.ru/content/564/623/624/20915/20930/21230.html> (қаралған күні: 05.02.2024 ж.).
15. Картина, изображающая сокола. [Электронный ресурс]. – URL: http://read.newlibrary.ru/read/du_fu/poyezija_du_fu_v_perevodah_a_i__gitovicha.html (дата обращения: 13.02.2024).

Б.О. Бутеев

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Прототипы героев в поэзии Шакарима

Аннотация. 11 июля 2023 года исполнилось ровно 165 лет талантливому казахскому поэту, писателю, композитору, философу-мыслителю, ученому-историку Шаһкериму Кудайбердыұлы. Следует отметить, что с момента реабилитации Шаһкерима Кудайбердыұлы была проведена значительная работа по исследованию его творчества и деятельности. Несмотря на то, что среди ученых была проделана колоссальная работа, есть моменты, на которых стоит остановиться и уделить особое внимание.

В данной статье автором впервые проведен анализ произведений Шаһкерима. В результате исследования удалось определить три исторических персонажа, которые имели быть место в творчестве поэта. Поэт использовал их имена в казахском правописании того времени: Галантный джентельмент англо-саксонского происхождения, выступающий как прообраз выражения меценатской деятельности состоятельных казахов конца XIX - начала XX вв. Альфред Гвинн Вандербильт I в творчестве известен под именем «Уолдер Белдет». Хишам ибн Абдул-Малик – омейядский халиф известен у Шаһкерима под именем «Ашам патса», с

которым вступил в неравный диалог умудренный степняк, оказав достойное сопротивление, выйдя победителем. Ань Лушань кочевник-дипломат, который заставил содрогнуться всю Танскую империю, известный у поэта как Пан-Жи-Зан хан. В произведениях Шахкерима имеется ряд личностей, которые требуют дальнейшего выяснения. Это будет возможным благодаря изучению других источников, которые использовал поэт в своих исследованиях.

Ключевые слова: Шахкерим хаджи, Альфред Гвинн Вандербильт I, Хишам ибн Абдул-Малик, восстание Ань Лушаня, Америка, Омейядский халифат, День жажды, империя Тан.

B.O. Buteyev

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Prototypes of heroes in the poems by Shakarim

Abstract. July 11, 2023, marked the 165th anniversary of the talented Kazakh poet, writer, composer, philosopher-thinker, and scientist-historian Shakarim Kudaiberdiuly. It should be noted that since the rehabilitation of Shakarim Kudaiberdiuly, significant work has been carried out to study his work and activities. Despite the fact that a tremendous amount of work has been done among scientists, there are points that are worth focusing on and paying special attention to.

In this article, the author for the first time analyzed the works of Shakarim. As a result of the research, it was possible to identify three historical characters who took place in the poet's work. The poet used their names in the Kazakh spelling of that time: a gallant gentleman of Anglo-Saxon origin, acting as a prototype of the expression of the patronage of wealthy Kazakhs of the late 19th and early 20th centuries, Alfred Gwynne Vanderbilt I is known in his works as "Walder Beldet". Hisham ibn Abdul-Malik, the Umayyad caliph, is known to Shakarim under the name "Asham patsa", with whom the wise steppe man entered into an unequal dialogue, having put up a worthy resistance and emerged victorious. An Lushan is a nomadic diplomat who made the entire Tang Empire shudder, known to the poet as Pan-Zhi-Zan Khan. There are a number of personalities in Shakarim's works, that require further clarification. This will be possible thanks to the study of other sources, that the poet used in his research.

Keywords: Shakarim, Alfred Gwynne Vanderbilt I, Hisham ibn Abdul-Malik, An Lushan uprising, America, Umayyad Caliphate, Thirst Day, Tang Empire.

References

1. Ahmetbek G., Esbolat T. An Lushan koterilisinin uly akyn Du Fu shygarmashylygyna tizgen ikpaly [The influence of the An Lushan uprising on the work of the great poet Du Fu], *Kaznu Oriental Studies series*, № 1 (76), 164-167 (2016) [in Kazakh]
2. Bichurin N.Ya. Sobraniye svedenii o narodah, obitavshih v Sredney Azii v drevniye vremena [A collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times]. Vol. 1 (Zhalyn, Almaty, 1998, 390 p.) [in Russian]
3. Buteyev B. Alfred Vanderbilt v tvorchestve Alihana Bokeyhana i Shakarima Kudayberdyuly [Alfred Vanderbilt in the works of Alikhan Bukeikhan and Shakarim Kudaiberdyuly]. «Alihan Bokeihan – kazak eli men jerinin tutastyk ramizi» atty halyqaralyk gylimi-praktikalyk onlain konferentsia materialdary [International Online Scientific and Practical Conference titled "Alikhan Bukeikhan – Symbol of the Integrity of the Kazakh Nation and Land", Nur-Sultan: L.N.Gumilyov ENU], 272-277 (2021) [in Russian]
4. Buteyev B.O. Stihotvoreniye Shakarima Kudayberdyuly «"Kazak" kutty bolsyn!»: istoricheskaya rol i znacheniyе [The poem of Shakarim Kudaiberdiuly "Kazak" kutty bolsyn!": historical role and significance], *Karagandy Universitetinin Habarshysy [Bulletin of Karagandy University]*, №2 (110), 71-78 (2023). [In Russian]
5. İnayet A. An Lu-Shan Köroğlu Mu? [Is An Lu-Shan Koroghlu?], *Millî Folklor*, 140 (Winter), 27-36 (2023). [in Turkish]

6. Kamalov A.K. Vosstaniye An Lushanya ili kak chetyre sogdiitsa potryasli Podnebesnyuyu imperiyu [The uprising of An Lushan or how four Sogdians shook the Celestial Empire], Iran-name, №3-4 (51-52), 217-242 (2019). [in Russian]
7. Kamalov A.K. Sogdiytsy na zashite interesov Tanskoy dinastii v period vosstaniya An Lushanya i ego priemnikov [Sogdians on the protection of the interests of the Tang Dynasty during the uprising of An Lushan and his successors], Iran-name, № 3-4 (55-56), 288-300 (2020). [in Russian]
8. Kudayberdiev Sh. Shygarmalary [Works] (EKO, Pavlodar, 2003, 250 p.) [in Kazakh]
9. Kudayberdiuly Sh. Shygarmalary: Roman, qara sozder, makalalar, audarmalar [Works: Novels, Obscenities, Articles, Translations] (El-shejire, Almaty, 2008, 512 p.) [in Kazakh]
10. Shakarim. Entsiklopediya [Encyclopedia] (Semey, 2008, 864 p.) [in Kazakh]
11. Hisham ibn Abdul-Malik. [Electronic recourse]. – Available at: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D0%B8%D1%88%D0%B0%D0%BC_%D0%B8%D0%B1%D0%BD_%D0%90%D0%B1%D0%B4%D1%83%D0%BB-%D0%9C%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%BA (accessed: 25.02.2024) [in Russian]
12. Salim ibn Abdýllah. [Electronic recourse]. – Available at: <https://islamdag.ru/lichnosti/26926> (accessed: 25.02.2024)
13. Voropaev N.N. Pretsedentnyi personaj Kitaya №25 Li Linfu [China's Precedent Character No. 25 Li Linfu]. [Electronic recourse]. – Available at: <https://www.vokitai.ru/?p=1137> (accessed: 25.02.2024) [in Russian]
14. «Svyashennomudryi piit» Dý fy i ego stihi [“Sacred Sage Piit” Du Fu and his poems]. [Electronic recourse]. – Available at: <https://www.abirus.ru/content/564/623/624/20915/20930/21230.html> (accessed: 25.02.2024) [in Russian]
15. Kartina, izobrajayushaya sokola [A Painting Depicting a Falcon] [Electronic recourse]. – Available at: http://read.newlibrary.ru/read/du_fu/poyezija_du_fu_v_perevodah_a_i_gitovicha.html (accessed: 25.02.2024) [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Бутеев Б.О. – PhD, бас ғылыми қызметкер, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-8945-3740.

Бутеев Б.О. – PhD, главный научный сотрудник, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-8945-3740.

Buteyev B.O. – PhD, Chief Researcher, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-8945-3740.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).